

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес туралы
ЕРЕЖЕ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қор) жанындағы құрылымнан тыс тәуелсіз кеңесші-мәжілістік орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің маңызды мәселелері бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру Кеңестің мақсаты болып табылады.

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне және Қордың қызметіне қатысты құзыретті қоғамдық пікір білдіру;

2) Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне және Қор қызметіне халықтың сенімінің проблемалық мәселелерін анықтау;

3) Қор қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу және оның қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

4. Кеңес өз жұмысында салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау жөніндегі мәселелерді барынша қамту қажеттілігін негізге алады және Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік (зейнетақымен) қамтамасыз ету құқығы туралы Конституциялық қағидаттарды, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған зейнетақымен қамсыздандыру қағидаттарын, зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері жөніндегі өзге де бағдарламалық құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Кеңес өз жұмысын ашықтық, жариялылық, еріктілік және Кеңестің барлық мүшелерінің өзі қабылдайтын шешімдер үшін тең әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарында жүзеге асырады.

6. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

**2 тарау. Кеңестің Өкілеттіктері. Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.
Кеңес мүшелерінің құқықтарын шектеу**

7. Кеңес өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен Қордың қызметі мәселелерін талқылау;

2) Қордың Басқармасына немесе басқа да органдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасының Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау, Қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарына Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасын жетілдіру және Қордың қызметі мәселелері бойынша ұсынымдар (ұсынымдар) енгізу;

3) Қорға, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау, Қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша одан әрі беру үшін Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және оны жетілдіру мәселелерінде салымшылардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) рөлін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеуге, талқылауға және қайта қарауға;

4) Қордан Кеңестің ұсынымдары бойынша қабылданған шешімдер мен жүзеге асырылған іс-шаралар туралы ақпарат сұратуға құқылы;

5) өз жұмысының басым бағыттарын айқындауға міндетті;

6) Кеңес құзыретіне жатқызылған мәселелерді талқылау үшін Кеңес отырыстарына Мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерін, қаржы нарығының сарапшыларын шақыруға құқылы.

8. Кеңестің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

2) өз жұмысын жұртшылықпен өзара қарым-қатынаста жүзеге асыру;

3) Қордың интернет-ресурсында Кеңес отырыстарының күн тәртібіне енгізілген мәселелері мен оларға қатысты материалдарды жария ете отырып, Кеңес отырыстары туралы ақпараттық хабарламалар жариялау;

4) Қордың интернет-ресурсында Кеңес отырыстарының хаттамаларын, сондай-ақ өз қызметі барысында Қорға жіберілетін өзінің жазбаша ұсынымдарын (ұсыныстарын) жариялауға міндетті;

5) өз жұмысы туралы жылдық есепті Қордың интернет-ресурсында жариялау.

9. Кеңес мүшелерінің құқықтары:

1) Кеңестің жұмыс жоспарына қандай да бір мәселелерді енгізу туралы ұсыныс жасау (осы Ереженің 10-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

2) Кеңестің жұмыс жоспарына және осы Ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар жасау;

3) Кеңес талқылайтын мәселелердің мән-жайы бойынша сөз сөйлеу, осы мәселелер бойынша шешімдер ұсыну, осы мәселелер бойынша Кеңестің басқа мүшелері ұсынған шешімдер бойынша ескертулер мен ұсыныстар енгізу;

4) Кеңес отырысына шақырылған тұлғаларға сұрақтармен жүгінуге құқылы;

5) Кеңес отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды, сондай-ақ оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысу, Кеңестің ұсыныстарын (ұсынымдарын) іске асыруға қатысу;

6) Кеңес отырыстарының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдармен және Кеңес отырыстарының хаттамаларымен танысу;

7) Кеңес шешімдерімен келіспеген жағдайда міндетті және ажырамас қосымшалар ретінде Кеңес отырыстарының хаттамаларына қоса тіркелуге тиіс өзінің ерекше пікірлерін жазбаша түрде білдіру, сондай-ақ олар осы хаттамаларда аталуға тиіс;

8) Кеңес құрамынан кез келген уақытта (осы Ереженің 10-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) шығу.

10. Кеңес мүшесінің Кеңестің жұмыс жоспарына қандай да бір мәселені (қандай да бір мәселелерді) енгізу туралы ұсынысын Кеңес төрағасы мен хатшысы Кеңес отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей алуы тиіс.

Кеңес мүшесінің Кеңес құрамынан шығу туралы өтінішін Кеңестің төрағасы мен хатшысы осындай шығудың жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей алуға тиіс. Қордың хатшысы Қордың Кеңеспен өзара іс-қимыл жасауына жауапты Қор Басқармасының мүшесін немесе оны алмастыратын адамды Кеңес құрамынан шығатын мүшені ауыстыру жөніндегі рәсімдерді бастау қажеттігі туралы хабардар етеді.

11. Кеңес мүшелерінің міндеттері:

1) Кеңес отырыстарына және Кеңес өткізетін өзге де іс-шараларға қатысу;

2) Кеңестің ұсыныстарын (ұсынымдарын) іске асыруға жәрдемдесу;

3) БАҚ-та және өзге де тұлғаларға Кеңестің ұсыныстары (ұсынымдары) туралы ақпаратты ашуға жәрдемдесу;

4) Кеңестің өз қызметін жүзеге асыру барысында алған, өзіне белгілі болған, заңмен қорғалатын шектеулі пайдаланылатын ақпаратты жария етпеу (таратпау);

5) осы Ереженің нормаларын сақтау.

12. Кеңес мүшелері Кеңестегі өз жұмысын тегін қоғамдық негізде орындайды.

Кеңестің барлық мүшелері тең құқықтарға ие (осы Ережеде айқындалған Кеңес төрағасы мен Кеңес төрағасы орынбасарының функцияларынан туындайтын ерекшеліктерді ескере отырып).

Кеңес мүшелерінің өз құқықтары мен міндеттерін (осы Ережеде айқындалған Кеңес төрағасы мен Кеңес төрағасы орынбасарының функцияларынан туындайтын ерекшеліктерді ескере отырып) беруге құқығы жоқ.

13. Кеңес мүшелеріне зейнетақы жинақтарының құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерге, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпаратқа жататын мәліметтерге қолжетімділік берілмейді.

14. Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру, Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесі және Қордың қызметі мәселелері бойынша БАҚ-та сөз сөйлегенде не өзге адамдарға осындай мәселелер бойынша түсініктемелер бере отырып, Кеңес мүшесі бұл сөздер (түсіндірулер) оның (Кеңес мүшесі ретінде емес) өз пікірін білдіретінін ескертуге міндетті. Кеңес мүшелерінің кеңестің ресми шешімдері мен Қордың жауаптарын, сондай-ақ Кеңес шешімдеріне сәйкес өзге де ақпаратты жұртшылыққа жеткізуге құқығы бар.

15. Кеңес мүшелері осы Ереженің талаптарын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3 тарау. Кеңесті қалыптастыру

16. Кеңес жеке тұлғалар қатарынан құрылады:

1) коммерциялық емес ұйымдардың: қоғамдық бірлестіктердің, қорлардың, заңды тұлғалар қауымдастықтарының (одақтарының) (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйымдар) өкілдерін;

2) БАҚ өкілдері (журналистер);

3) қаржы нарығында және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру саласында талдамалық жұмыс тәжірибесі бар қоғам қайраткерлерінің, саясаттанушылардың, құқықтанушылардың, экономистердің, қаржы нарығының сарапшыларының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

17. 18 жасқа толған, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы жоқ және осы Ереженің 16-тармағында белгіленген алғышарттарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы Кеңес мүшесі бола алады.

Қордың мемлекеттік қызметшілері, лауазымды адамдары мен қызметкерлері кеңестің мүшелері бола алмайды.

18. Кеңестің сандық құрамы 20 адамнан аспауы тиіс.

Кеңесті қалыптастыру нәтижелері және оның құрамы туралы мәліметтер БАҚ-та жариялануға және (немесе) Қордың интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

19. Кеңес мүшелігіне кандидаттар тізіміне мына тұлғалар енгізіледі:

1) коммерциялық емес ұйымдар мен БАҚ өз өкілдері ретінде ұсынған;

2) Кеңес жұмысына қатысу ниеті туралы бастамашылық өтініш бергендер;

3) Қор шақырғандар.

20. Жеке тұлғаны Кеңес мүшелігіне кандидаттар тізіміне енгізу үшін мыналар ұсынылуы тиіс:

1) коммерциялық емес ұйымның (коммерциялық емес ұйымдардың) немесе БАҚ-тың тиісті жазбаша ұсынысы (егер осы тұлға коммерциялық емес ұйымның немесе БАҚ-тың өкілі ретінде ұсынылса);

2) осы адамның өз кандидатурасын Кеңес құрамына ұсыну туралы еркін нысанда жасалған өтініші (егер осы адам Кеңес жұмысына қатысуға өзінің ниеті туралы бастамашылық өтініш берсе);

3) осы адамның өмірбаян деректерін көрсете отырып, оның кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер (осы Ережеге қосымшаның нысаны бойынша);

4) осы Ережеге қосымшаға сәйкес сауалнама.

21. Осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген құжаттар:

1) Кеңес мүшелігіне кандидаттардың бастапқы тізімін жасау кезінде – БАҚ – пен өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін Қор бөлімшесіне (бұдан әрі – Қордың PR-бөлімшесі);

2) Кеңес мүшелігіне кандидаттардың бастапқы тізімінен басқа өзге тізімін жасаған кезде – Кеңес хатшысына ұсынылады.

22. Кеңес мүшелігіне үміткерлердің бастапқы тізімін қордың PR-бөлімшесі жасайды.

Кеңес мүшелігіне кандидаттардың бастапқы тізімінен басқа тізімін Кеңес хатшысы жасайды және ол Кеңес төрағасымен және Қордың Кеңеспен өзара іс-қимылы үшін жауапты Қор Басқармасының мүшесімен немесе оны алмастыратын адаммен келісілуі тиіс.

23. Кеңесті бастапқы қалыптастыру кезінде оның құрамы осы Ереженің 18-тармағының бірінші абзацында белгіленген шектеуді негізге ала отырып, ұжымдық талқылау нәтижелері бойынша Кеңестің бірінші отырысында бекітіледі. Бұл ретте Кеңес мүшелігіне кандидаттар тізіміне енгізілген, бірақ Кеңес құрамына кірмеген адамдар Кеңес мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда Кеңес мүшелерін келесі сайлауларға қатысу үшін резервке алынады.

24. Кеңесті бастапқы қалыптастырудан басқа өзге жағдайда, ол Кеңестің құрамына алғаш рет екі жылдан астам уақыт бұрын кірген Кеңестің жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату және Кеңестің мүшелігіне кандидаттар тізіміне енгізілген адамдар арасынан Кеңестің жаңа мүшелерін сайлау арқылы оның құрамын жаңарту туралы Кеңестің шешімдерін қабылдау арқылы қалыптастырылады, бұл ретте:

1) әрбір екі жыл сайын Кеңестің хатшысы (Кеңес төрағасымен және Қордың Кеңеспен өзара іс-қимылына жауапты Қордың Басқарма мүшесімен немесе оны алмастыратын адаммен келісім бойынша) осы Ереженің 16, 17, 19, 22-тармақтарына сәйкес Кеңес мүшелігіне кандидаттардың жаңа тізімін жасау туралы хабарландыру жариялайды;

2) әрбір екі жыл сайын Кеңес құрамы жаңартылған кезде өкілеттіктері тоқтатылатын, Кеңес мүшелерінің жалпы санының 1/3 мөлшерінде Кеңес мүшелерін айқындау мақсатында Кеңес өз мүшелеріне дауыс беруді жүргізеді;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген дауыс беру бюллетеньдер бойынша өткізіледі, ал Кеңес құрамы жаңартылған кезде өкілеттіктері тоқтатылатын Кеңес мүшелері болып көпшілік дауыс алған (берілген дауыс санының кему тәртібімен) және жұмыс істеп тұрған құрам Кеңесінің барлық мүшелерінің тізімінде бірінші 1/3 дауыс алған Кеңес мүшелері есептеледі.

25. Кеңес мүшесінің өкілеттігі Кеңес шешімімен оның құрамынан босатылған (шығарылған) жағдайда мынадай негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:

1) өзі берген өтінішке сәйкес өз қалауы бойынша;

2) мүшелікті Кеңес мүддесінде пайдаланбау;

3) Кеңес отырыстарының 50 және одан да көп пайызы күнтізбелік бір жыл ішінде немесе Кеңестің осы мүшесі Кеңестің отырыстарында дәлелсіз себеппен қатарынан екі реттен артық болмаған жағдайда келмеген жағдайларда;

4) Кеңес мүшесінің осы Ереженің 16 және 17-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес келмеуіне әкеп соғатын мән-жайлар туындаған, сондай-ақ осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген қате мәліметтерді ұсынған;

5) осы Ереженің 11 және 14-тармақтарында көзделген нормалар бұзылған жағдайларда тоқтатылады.

26. Кеңес мүшесінің өкілеттігі осы Ереженің 9-тармағының 8) тармақшасына немесе 25-тармағына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Кеңес өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған Кеңес мүшесінің орнына Кеңестің жаңа мүшесін сайлау мақсатында дауыс беруді жүргізеді. Кеңестің жаңа мүшесі осы тармақтың екінші абзацында белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы Ереженің 23-тармағына сәйкес резервке алынған адамдар арасынан сайланады.

Кеңестің жаңа мүшесін осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес сайлау мүмкіндігі болмаған кезде Кеңес хатшысы (Кеңес төрағасымен және Қордың Кеңеспен өзара іс-қимылына жауапты Қор басқармасы мүшесімен немесе оны алмастыратын адаммен келісім бойынша) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған Кеңес мүшесінің орнына Кеңестің жаңа мүшесін сайлау мақсатында осы Ереженің 16, 17, 19-22-тармақтарына сәйкес кеңес мүшелігіне кандидаттардың жаңа тізімін жасау туралы хабарландыру жариялайды.

27. Кеңес жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін ол талқыланатын мәселелердің сипаты бойынша жұмыс топтарын (Кеңес мүшелері қатарынан) құра алады. Жұмыс тобы жұмыс тобының басшысы мен хатшысын дербес таңдайды. Жұмыс тобы қабылдаған шешімдер хаттамамен ресімделеді, ол Кеңес төрағасы мен хатшысына жіберіледі.

4-тарау. Кеңес төрағасы, Кеңес төрағасының орынбасары, Кеңес хатшысы

28. Кеңес жыл сайын өз мүшелерінің арасынан Кеңес Төрағасын және оның орынбасарын сайлайды.

Кеңес төрағасы мен оның орынбасары Кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданатын Кеңес шешімімен бір жыл мерзімге сайланады. Кеңес төрағасын және оның орынбасарын сайлау туралы шешімдер отырысқа қатысушы Кеңес мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

29. Кеңес Төрағасы:

1) Кеңестің жұмысын ұйымдастырады, оның ішінде (бірақ тек ол ғана емес) Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде Кеңестің жұмыс жоспарын, отырыстар күн тәртібінің жобаларын жасайды және бекітеді, Кеңес отырыстарының күндерін тағайындайды;

2) Кеңес отырыстарында төрағалық етеді;

3) Кеңес атынан құжаттарға қол қояды;

4) Кеңестің ұсыныстарын (ұсынымдарын) іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

5) Кеңес жұмысы туралы жыл сайынғы есепті дайындауды қамтамасыз етеді;

6) осы Ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

30. Төрағаның орынбасары:

1) Кеңес төрағасына Кеңес жұмысын ұйымдастыруда жәрдем көрсетеді;

2) Кеңес төрағасы болмаған кезде Кеңес отырыстарында төрағалық етеді және Кеңес атынан құжаттарға қол қояды;

3) жұртшылық пен Кеңес мүшелерінің ұсыныстарын жинау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

4) төрағамен бірлесіп Кеңестің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті дайындауды қамтамасыз етеді;

5) осы Ережеге сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

31. Кеңес хатшысы Қордың БАҚ-пен байланыс бөлімшесінің басшысы болып табылады.

32. Кеңес Хатшысы:

1) Кеңес отырысы күн тәртібінің жобасына енгізу үшін мәселелер тізбесін дайындайды және бұл жобаны Кеңес төрағасына бекіту үшін ұсынады;

2) Кеңес отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

3) Кеңес отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар дайындауды жүзеге асырады;

4) Кеңес отырысының хатшысы ретінде әрекет етеді;

5) Кеңес отырысының хаттамасын жасайды және Кеңес отырысының қол қойылған хаттамасын оның мүшелеріне жібереді;

6) Кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдеріне бақылау жасайды;

7) осы Ережеге сәйкес немесе одан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Кеңес жұмысын ұйымдастыру негіздері.

Кеңес отырысын дайындау және өткізу

33. Кеңестің жұмыс жоспары Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалады және оны Кеңес төрағасы тоқсан сайынғы, жыл сайынғы немесе өзге де мерзімді негізде бекітеді.

34. Кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыс болып табылады.

Өткізілетін орны бойынша отырысқа қатыса алмайтын Кеңес мүшелері бейнемәжіліс байланысы арқылы кеңес отырысына қатыса алады.

35. Кеңестің отырыстары басқа жерлерде Кеңестің көшпелі отырыстарын өткізуді талап ететін жағдайларды қоспағанда, Қордың орналасқан жері бойынша Алматы қаласында өткізіледі.

Қор Кеңес мүшелерінің Кеңес отырыстарына қатысуына байланысты шығыстарын төлемейді және өтемейді.

36. Қормен тұрақты қарым-қатынасты қамтамасыз ету, ақпарат алу және зерделеу мақсатында Қор Басқармасы мүшелерінің бірі Кеңестің отырысына қатысуы міндетті.

Қордың өзге лауазымды адамдары мен қызметкерлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, басқа да ұйымдар мен тұлғалардың өкілдері Кеңестің отырыстарына қажеттілігіне қарай шақырылған адамдар ретінде қатысады.

Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері, сондай-ақ Кеңестің отырысына шақырылған, осы Ереженің 7-тармағының б) тармақшасында көрсетілген адамдар Кеңес талқылайтын мәселелер бойынша пікір білдіруге, отырысқа басқа қатысушылардың сөйлеген сөздеріне түсінік беруге, қажетті ақпарат беруге құқылы.

37. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Кеңестің кезектен тыс отырыстары Кеңес мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылады, олардың саны Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 30% - ын құрауы тиіс, немесе Кеңес төрағасының шешімі бойынша шақырылады.

Кеңес хатшысы Кеңес мүшелерін Кеңес отырысының шақырылуы және осы отырыс күн тәртібінің жобасы, отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы көрсетілген күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

38. Кеңес отырысы оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайтын көлемі қатысқан кезде заңды деп есептеледі. Кеңестің ұсынымдары мен ұсыныстары, егер олар үшін Кеңес мүшелерінің аз дегенде жартысы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру күндізгі және сырттай болуы мүмкін. Дауыстарды жинау жауапкершілігі Кеңес төрағасына жүктеледі. Талқыланатын мәселе бойынша Кеңес мүшелерінің оң дауыстарының жартысынан астамы болмаған жағдайда, бұл мәселе күн тәртібінен алынады және Кеңес атынан үшінші тұлғаларға жіберілмейді.

39. Кеңес отырысын Кеңес төрағасы немесе ол болмаған кезде Кеңес төрағасының орынбасары, ал Кеңес Төрағасы да, Кеңес төрағасының орынбасары да болмаған жағдайда отырыс төрағасы ретінде Кеңес сайлаған Кеңестің кез келген мүшесі жүргізеді.

40. Қаралатын мәселелер бойынша Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру жолымен (осы Ереженің 24-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) оның отырысына қатысушы Кеңес мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Кеңес төрағасының немесе ол болмаған кезде Кеңес төрағасы орынбасарының дауысы шешуші болып табылады.

41. Кеңес қабылдаған шешімдер отырыс төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Кеңес отырысының хаттамасы Кеңес отырысы өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жасалуға, қол қойылуға және Кеңес мүшелеріне жіберілуге тиіс.

42. Кеңес отырыстарының қол қойылған хаттамаларының түпнұсқалары, Кеңес отырыстарының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдардың бақылау даналары, Кеңестің кіріс хат-хабарларының түпнұсқалары және Кеңестің шығыс хат-хабарларының

бақылау көшірмелері, Кеңес пен оның жұмыс топтарының өзге де құжаттамасы Қордың PR-бөлімшесінде сақталады.

6-тарау. Өзге де ережелер

43. Кеңес хатшысы Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша жұртшылықты (тиісті ақпаратты БАҚ-та жариялау және (немесе) оны Қордың интернет-ресурсында орналастыру арқылы):

- 1) Кеңес құрамы туралы, Кеңес құрамындағы өзгерістер туралы хабардар етеді;
- 2) Кеңес қабылдаған шешімдер және ол енгізген ұсыныстар (ұсынымдар) туралы ақпарат береді;
- 3) Кеңес жұмысына байланысты және қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер.

44. Осы Ереже, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар Кеңестің шешімдерімен бекітіледі..

**«Бірыңғай жинақтаушы
зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамы
жанындағы Қоғамдық
кеңес туралы
Ережеге қосымша**

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ жанындағы
Қоғамдық кеңес мүшелігіне үміткерге**

САУАЛНАМА

1. Жалпы мәліметтер

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Туған күні және туған жері	
Азаматтығы	
Мекен-жайы, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі	

2. Білімі

№	Оқу орнының атауы	Түскен жылы – бітірген жылы	Мамандығы	Білімі туралы диплом деректемелері (бар болса күні мен нөмірі)
1.				
2.				

3. Соңғы үш жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер

№	Жұмыс кезеңі (айы, жылы)	Жұмыс орны	Лауазымы
1.			
2.			
3.			

Осы сауалнамаға қол қоя отырып, төмендегілерді, яғни:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығым жоқ екенін;

2) менің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдарға орналасуға және маған қатысты қолданылған қызмет түрлерін (салаларын) жүзеге асыруға шектеулерім жоқ екенін;

3) мен ұсынған мәліметтердің дұрыстығын;

4) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының менің дербес деректерімді жинауына және өңдеуіне келісім беретінімді растаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қолы _____

Күні _____ 20____ жыл